




**«Бауырсақ»**



Ерте, ертеде шал мен кемпір  
болыпты.



**Бір күні шалдың бауырсақ жегісі келеді.  
Кемпірінен бауырсақ пісіріп беруін өтінеді.**




Кемпір қораптың түбін қырып-қырып,  
екі уыс ұн алды.




**Ұнға қаймаққосып бауырсақ илеп.**



Майға пісіріп, суытуға терезенін  
алдына апарып қойды.




**Бауырсақ жата-жата жалығып, терезенін  
алдынан орындыққа домалап түсіпті.**




Орындықтан еденге түсіпті






Еденнен есікке




Табалдырықтан секіріп  
сабанның үстіне түсіпті.



**Сабаннан домалап есік алдына шықты.**



ЕСІК АЛДЫНАН ҚАҚПАҒА ҚАРАЙ  
ДОМАЛАП КЕТТІ



**Қақпадан сыртқа шықты да,  
орманға қарай домалай жөнелді.**



**Жолдан қоянға кезігіп қалды. Қоян: “Бауырсақ, бауырсақ мен сені жеймін!”**

**Жемеші, жемеші, мен саған өлең айтып беремін.**


Мен бауырсақ, бауырсақ  
Қап түбінен қырып алынғам  
    үнмын  
Қаймаққа иленіп,  
Майда піскенмін.  
Терезенің алдына суытылып  
    қойылғанмын  
Мен атамнан қаштым,  
Мен апамнан қаштым.





Қоян, енді сенен құтылу онай






Әрі қарай домалай жөнеледі.



Жолда қасқырға кезігіп қалды. Қасқыр: “Бауырсақ бауырсақ мен сені жеймін!”

**Жемеші, жемеші, мен саған өлең айтып беремін.**



*Мен қояннан қаштым.*





**Қасқыр, енді сенен құтылу онай**




Домалап, домалап жолда аюға кездеседі. Аю: “Бауырсақ, бауырсақ мен сені жеймін”

**Маймақ, саған мені жеу қайда!**

Мен бауырсақ, бауырсақ  
Мен қояннан қаштым,  
Мен қасқырдан қаштым  
Аю, енді сенен де  
құтыламын.





**Аюдан да құтылып, ары қарай домалап кетті.**



**БАУЫРСАҚ ДОМАЛАП КЕЛЕ ЖАТЫП, ТҮЛКІГЕ КЕЗДЕСТІ.  
ТҮЛКІ: БАУЫРСАҚ, БАУЫРСАҚ ҚАЙДА БАРАСЫН!  
МАҒАН ӨЛЕН АЙТЫП БЕРЕСІН БЕ?**



*Мен бауырсақ, бауырсақ,  
Мен қояннан қаштым,  
Мен қасқырдан қаштым,  
Мен аюдан қаштым  
Енді сенен де,  
құтыламын •*





Түлкі: Ах, қандай тамаша ән. Бауырсақ, бауырсақ  
менің құлағым нашар естейді, тұмсығыма  
шығып тағы бір айтып берші өлеңінді, өтінемін.



**Бауырсақ, түлкінің тұмсығына секіріп  
Мініп өлеңін қайта айта бастайды.**



Түлкі : Бауырсақ, бауырсақ тілімнің үстінде  
отырып, сонғы рет тағы бір айтып берші.



Бауырсақ, түлкінін тіліне секіреді, ал түлкі сол кезде оны - Ап!-деп жеп қойды